

да Сырым ауданы таза ауыз сумен 100 пайыз қамтылған өңірлер қатарына қосылады.

Брифинг барысында аудан тұрғындарының өтінішімен шешімін тауып жатқан мәселелер де аталды. Өткен жылы аудан тұрғындарының қатысуымен өткен кездесулерде көтерілген өзекті проблемалар бүгінде нақты нәтижесін беріп отыр.

Жымпиты ауылында апатты үйлерде тұрып жатқан тұрғындарға арналған 3 қабатты 36 пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады. Осылайша, 72 отбасы жаңа пәтердің кілтін алады. Білім беру саласында да маңызды жобалар бар. Қоңыр ауылындағы А. Жұмағалиев атындағы мектеп-бөбекжай-балабақша кешені күрделі жөнделуден өтуде. Жоба құны – 607,9 млн теңге. Жөндеу жұмысын «Наурыз» ЖШС жүргізіп жатыр. Сонымен бірге Қосарал ауылына дейінгі кірме жолдың 14-26 шақырым аралығындағы бөлігі жөнделмек. Бұл жобаның жалпы құны – 775 млн теңге. Мердігер – «Тоби» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «КИУС» ЖШС. Қазіргі таңда мердігер компания өз қаражаты есебінен құрылыс материалдарын жеткізуде. Ал Жетікөл ауылында су бөгетін қалпына келтіру басталды. Жоба құны – 216 млн теңге. Мердігер – «Құрылыс Газ» ЖШС. Жыл соңына дейін бөгет пайдалануға беріліп, ауыл шаруашылығы және тұрмыстық мақсаттағы су тапшылығы мәселесі шешілмек. Әлеуметтік сала бойынша да оң өзгерістер байқалады. 2025 жылдың есепті кезеңінде 62 отбасындағы 345 адамға жалпы сомасы 20,2 млн теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8 млн теңгеге азайғанымен, аудандағы мұқтаж азаматтар санының қысқарғанын білдіреді. Жергілікті өкілетті құрылымдар шешімімен 470 азаматқа 33,3 млн теңге көлемінде әлеуметтік төлемдер төленді. Жұмыспен қамту саласында да көрсеткіштер жақсарғанын атап өткен жөн. 2025 жылдың 1 қарашасына аудан бойынша тіркелген жұмыссыздар саны 831 адамды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 8%-ға азайған. «Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 22 адам жолданып, 471 адам тұрақты жұмысқа орналасты. «Жастар практикасы» – бағдарламасы бойынша 47 жас маман тәжірибеден өтсе, «Күміс жас» жобасы арқылы 20 азамат еңбекке тартылды. «Бастау бизнес» жобасы бойынша 162 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқып, 22 тұрғын 33,7 млн теңгенің қайтарымсыз грантын алды. Бұл гранттар негізінен мал шаруашылығын дамыту, сүт өнімдерін өндіру, тұрмыстық қызмет көрсету және шағын өндіріс ашуға бағытталған, – деді Жұмагелді Жолдыбайұлы.

Жұбан – ел үшін туған тұлға

Өр мінезді өлеңі мен өнегелі өмірі ұрпаққа үлгі болған көрнекті ақын, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің туғанына 105 жыл толуына орай, Орал қаласындағы ақын атымен аталатын мектепте «Жыр арқауы – Жұбан» атты танымдық кеш өтті.

Шараның негізгі мақсаты – жас ұрпаққа Жұбан ақынның өмірі мен шығармашылық жолын терең таныту, оның поэзиясындағы өр рух пен ұлтқа деген сүйіспеншілікті ұғындыру, адамгершілікке, ерлік пен отансүйгіштікке баулу.

Кеш ақынның мектеп алдында орналасқан ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімінен басталды. Одан кейін келген қонақтар мектеп мұражайымен танысып, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды жәдігерлерді тамашалады. Танымдық кештің жалғасы оқу залында өрбіді.

Шараға ардагер, ұстаз Социал Пұсырман мен филология ғылымдарының кандидаты, профессор Бақыт Шканова арнайы шақырылып, қонақтар тағылымды ойларымен бөлісті.

Жастайынан қиындықты көп көрген Жұбан соғыстан кейінгі жылдары қазақ поэзиясында өз орны бар ірі тұлғаға айналды. Оның ең танымал туындысы – «Мен – қазақпын!» поэмасы. Бұл шығармада ақын өз халқын мадақтап, оның тарихы мен қайсарлығын, ерлігін жыр етті. «Мен – қазақпын, мың өліп,



мың тірілген» деген жолдар қазақ халқының тағдыры мен рухын дәл бейнелеген. Жұбан Молдағалиев 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде жастарды қорғап, шындықтың жағында тұрды. Бұл оның әділет жолындағы батылдығын көрсетті. Жұбан – ел үшін туған тұлға. Оның поэзиясы – ұлт рухын көтеріп, ұрпаққа өнеге болған мәңгілік мұра, – деді Жұбан ақынның көзін көріп, сөзін естіп, шығармашылығын терең зерттеген Социал Жүкейұлы кеш барысында. Ал профессор Бақыт Шканова өз сөзінде ақынның әдебиеттегі және ұлттық санадағы орнын ерекше атап өтті.

Қазақ әдебиетінде халқының шын үнін жеткізіп, елдің намысы мен рухын жырлаған ақындар аз емес, бірақ солардың бірі емес, бірегейі – Жұбан Молдағалиев. Ол – жүрегімен халқын сүйген, өлеңімен ұлттың жарасын жазып, намысын қорғаған қайраткер ақын. Оның әрбір шығармасы – ардың сөзі, жүректің үні. Жұбанның жырларынан ел тарихының ауыр кезеңдері мен

ұлттың қайсар рухы сезіледі, – деді профессор.

Кеш барысында оқушылар мен ұстаздар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, патриоттық әндер шырқап, күмбірлеген күй тартты. Әдеби кеш соңында мектеп директоры Құляш Хайранова сөз сөйлеп, қонақтарға алғыс білдірді:

Жұбан Молдағалиевтің мерейтойына арналған іс-шаралар легі мұнымен шектелген жоқ. Келесі күндері қала педагогтері арасында «Өлмес өмір – өшпес өнеге» атты мәнерлеп оқу байқауы және 8-10 сынып оқушылары арасында «Жұбан ұрпақтары жүрегінде» атты қалалық оқулар ұйымдастырылды.

**Бақытгүл ТОЙҒОЖИЕВА,
Ж. Молдағалиев атындағы
№2 мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі**

Қамкөңіл жандарға жылу сыйлаймыз

Кез келген маман еңбек еткен соң оның нәтижесін көруді мақсат тұтады. Мен де сондай жандардың бірімін. Әлеуметтік қызмет – қоғамдағы ең маңызды әрі аса қажет салалардың бірі. Қиын жағдайға тап болған жандарға қолдау көрсету, олардың өмірін жақсартуға көмектесу – менің басты ұстанымым. Әлеуметтік қызметкер тек белгілі бір қызмет көрсетумен шектелмейді, олар адамның жан дүниесін түсініп, қажет кезінде қолдау көрсетеді, өз-өзіне сенім ұялатады.

Мен әлеуметтік сала бойынша бірнеше орталықта қызмет атқардым. Орал қаласындағы зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету орталығында әлеуметтік қызметкер болсам, өмірлік қиын жағдайда қалған

адамдарды қайта әлеуметтендіру орталығында әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, бүгінде Круглоозерный кентіндегі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман қызметін атқарып жүрмін. Еңбек жолымда түйгенім, әлеуметтік жұмыс тек кәсіби білімді ғана емес, жүрек жылуын да талап етеді. Себебі қамкөңіл жандарға қолдау көрсететін маманның өзінде мейірім, жанашырлық және шыдамдылық, жауапкершілік секілді қасиеттер болуы қажет. Әрбір әлеуметтік қызметкер алдына келген адамның тағдырына бей-жай қарамай, оның мәселесін шешуге атсалысуы тиіс. Әлеуметтік жұмыстың тағы бір маңызды қыры – қоғамдағы әділдік пен теңдікті

сақтау. Күнделікті жұмыс барысында қызмет алушылардың көңіл күйін көтеру мақсатында әртүрлі іс-шара ұйымдастырып, көңілдеріне кірбің ұялатқан мәселелерін шешуге тырысамын. Бала кезімде ата-анам «Адамға жақсылық жасаудан жалықпа!» деп жиі айтатын. Осы сөздер жадымда жатталып қалған.

Қорытындылай келе, әлеуметтік қызметкер бұл жай ғана мамандық емес, ол жаны жайсаң, жүрегі мейірімге толы, қамқор адамдарға лайықты кәсіп деп айтар едім. Пейілі кең адамдар ғана бұл мамандықты таңдай алады. Қамкөңіл жандарға қамқор бола алатын мамандықтың иесі болғанымды мақтан етемін.

**Бағдагүл
ҚҰСПАНОВА,
«Круглоозерный арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы»
КММ әлеуметтік
жұмыс жөніндегі
маманы**

Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация Министрлігінің су шаруашылығы комитеті РММ 2025 жылғы 4 желтоқсанға дейінгі кезеңде ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде жұмыс жобасының «Батыс Қазақстан облысындағы Тайпақ магистральдық каналын қайта жаңғырту» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Жобалық құжаттамалар пакеті ескертулер мен ұсыныстар үшін Қоршаған орта және табиғи ресурстардың ұлттық деректер қорының (ndbecology.gov.kz) веб-сайтында қолжетімді.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация Министрлігінің су шаруашылығы комитеті РММ Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 «Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты, эл.пошта: kense-kvh@minsu.gov.kz, телефон: 8(7172)74-11-39

Бас жобалаушы: «Урал-водпроект» ЖШС, БҚО Орал қ., Х. Чурин к-сі, 119 НІ эл.пошта urwodpr@mail.ru телефон: 8 (7112) 53-51-64.